

«Тексерілді»
«Балбөбек» жекеменшік
шағын орталағының
әдіскері Саға Ф.К.Сагпазова

Мерекелік ертеңгілік
Тақырыбы: «Анашым-күнім!»

Өткізген: №3 «Ботақан»
ересек тобының
тәрбиешісі Кулибаева Г.И

2022-2023 оқу жылы

Тақырыбы: «Анашым-күнім!»

Мақсаты: Балаларға 8 наурыз мейрамы туралы түсінік беру, анаға мейрімдері мен сүйіспеншіліктерін арттыру, ұстаз бен ата-ананы құрметтеуге тәрбиелеу, ана еңбегін қадірлеуді үйрету.

Ертеңгіліктің барысы

Тәрбиеші:

- Қош келдіңіздер қымбатты, әжелер мен аналар ,әріптестер! Көктемнің ең алғашқы қуанышы болып келетін 8 наурыз мерекелеріңіз құтты болсын! «Ботақан» ересек тобы бүлдіршіндеріміздің дайындаған «Анашым-күнім» атты ертеңгілімізге қош келдіңіздер! «Ботақан» ересек тобының бүлдіршіндерін ортаға қарсы алыңыздар!

Әуен ойнап тұрады,балалар қолдарындағы жүрекше шармен залға кіреді,флешмоб орындайды. Аналар мерекесі құтты болсын!

Ән. «Анашым деп ән салдым»

Тәрбиеші:

- Балалар,Көктем ханшайымы кешігіп жатырғой,көктем ханшайымсыз аналар мерекесін өткізе алмаймыз.

Осы кезде жағымсыз әуен қойылып қатігез Қар қызы залға кіреді.

Қатігез қар қызы:

- Мен тұрғанда еш жерде көктем болмайды.

Тәрбиеші:

-Сәлеметсіңбе Қар қызы.Біз Көктем ханшайымын күтіп отырмыз

Қатігез қар қызы:

- Бәрі де кеш!Көктем ханшайымы мәңгілік ұйқыға кетті,сендер оған көмектесе алмайсыңдар.

Тәрбиеші:

- Балалар,мен тапқан сияқтымын,сендер көктем туралы ән білесіңдер ме?

Балалар:

- Иә!

Тәрбиеші:

- Олай болса көктем аруына көмектесейік!

Балалар көктем әнінің қайырмасын айтады

Қатігез қар қызы:

- Жоқ,жоқ естігім келмейді!Токтатыңдар!Жоқ!

Құлағын жауып қашып кетеді.Осы кезде әдемі әуен қойылып,қар қызы кірген жерден Көктем ханшайымы шығады.

Көктем ханшайымы:

-Сәлеметсіңдер ме!Рахмет сендерге балалар,сендер болмағанда мәңгілік ұйқыға кетер едімғой.Неге көңілдеріңіз түсіп кеткен?

Мен көңілді көктеммін,
Былыр келіп кеткенмін.
Көзін ашып бұлақтың,
Түбіне тал екенмін.

Гүл боп қырда егілем,
Дән боп жерге себілем.
Жаңбыр болып жауам да,
Нұр боп көктен төгілем.

Қане бәріміз көңілдерімізді көтерейік

Тәрбиеші: Амансыңба, Ару көктем! Ұлан- байтақ жерімізге қош келдіңіз. Шуағынды шаттандырып, нұрыңды мол төге бер.

Балалар!Ғажайып бақтың алғашқы гүлін сыйға тартайын.

1.Бұл сиқырлы гүл, барлық тілектерімізді орындайды.

Ол үшін гүл желектерінен сұрайық.

Біз бірінші гүл желегін жұлайық,

Ақ тілекті гүл желектен сұрайық.

Тобымыздың әншілері,

Орнымыздан тұрайық.

Мейірімді аналарға, «Көктем» әнін сыйлайық!

ӘН. Көктем

Ойын: «Кім жылдам»

Ойын шарты: Ортаға екі ата-ана, екі бала шығады. Жерде гүлдер шашылып жатады.

Музыка әуені ойналғанда балалар жердегі жатқан гүлдерден бір-бір гүлден алып тез аналарына гүл шоғын жинап беру керек.

Көктем ханшайымы:

2. Біз екінші гүл желегін жұлайық,

Бала, бала, бала деп,

Түнде шошып оянған.

Түн ұйқысын төрт бөліп,

Түнде бесік таянған.

Бұл кім?

Балалар: - Ана! Ана! Ана!

- Әрине, балалар, бұл біздің аналарымыз. Олай болса, балалар, аналарымызға арналған тақпақтарға кезек берейік.

Балалардың тақпақтары

С.Айым

Ақ сүт берген балаңа

Күш жігерін жұмсаған

Бұл өмірде жан ана

Тең келеді кім саған

Тендесі жоқ данасың

Арқа сүйер панасың

Еңбегінді ақтаймын

Аман болшы анашым

Расул

Аспандағы айымсың
Бақытыма балаған
Құтты болсын мерекең
Айналайын жан анам
Алину
Ана біздің күніміз
Ана біздің гүліміз
Аналардан тарайды
Біздің ана тіліміз

Раяна

Бесіктерін әнімен
Тербетуде аналар
Жасай берсін сәнімен
Жер бетінде аналар
Мәпелейсің мені анам
Қолыңдағы құсындай
Құлпыра өсіп дем алам
Құшағында қысылмай

Ержан

Құтты болсын ақ анам
Сегізінші наурызың
Қасымда бол әрқашан
Жансын жарық жұлдызың
Тілейді бақыт бір саған
Әлпештеген ұл қызың

Бақдаулет

Мәпелеп мені өсірген
Ризамын мен өзіңе
Ана деген керемет
Сыйлап өтем өмірде
Еркелеттің асырадың
Мойныға асыламын
Аман болшы ардақты анам
Мен әр қпашан қасындамын

Аянат

Мен анамды сүйеміні
Сөзін ойға түйемін
Анашымды ардақтап,
Басымды оған иемін

Ерсұлтан

Аялаған анашым

Мәпелеген анашым

Менің саған тілегім

Қартаймашы анашым

3. Ұш, ұша түс гүл желек,

Бақшамызға қон желек.

Баршаңызға аналар!

Зор денсаулық біз тілейді.

Қазір шығып ортаға, «қыздарымыз» би билейді.

Би «Қуыршақ»

Көктем ханшайымы:

4. Тамаша! Қандай жақсы. Балалар, енді біз сендермен және аналарымызбен ойын ойнайық.

Ойын. «Өз балаңды тап»

Ойын шарты :

Ортаға аналарды шығарамыз, олар балалардың алақандарын ұстап өз баласын тауып алу керек.

-Рахмет сіздерге, сезімтал екенсіздер.

Көктем ханшайымы:

5. Біз бесінші гүл желегін жұлайық Тілек сыйлайды бұл гүл. Балалардың тақпақтарына кезек берейік

Наурыздың бүгін сегізі

Ән жырымен тербесін

Құтты болып мереке

Гүл көктем жанды емдесін

Наурыздың бүгін сегізі

Нұрын шашып келген күн

Шаттық бақыт сыйлайтын

Халық аралық мейрам бұл

Перизат

Құтты болсын мереке

Гүл көктемде кеп жеткен

Алғашқы мейрам көктемнің

Әуезді әнмен тербеткен

Әжелер ана-әпкелер

Құтты болсын мерекең

Отбасыңа бақ орнап

Арта берсін берекең

М.Айзере

Көктем күнін бастайын

Сегізінші наурыз бұл

Құтты болсын бұл мейрам

Жаудыратын тілек жыр

Сегізінші наурызда

Ақ тілектер ағылар
Гүл көктемдей құлпырып
Шамнан шырақ жағылар

Нұрхан

Сегізінші наурызың
Құтты болсын ұстазым
Амандықта құлпырып
Өте берсін қыс жазың

Т.Айым

Жанымнан әр кез табылар
Асыл апам жан апам
Наурыздың бүгін сегізі
Құтты болсын мерекең

Аниса

Күн күлімдеп нұрт шашқан
Қуаныш шаттық ұласқан сегізінші наурыз бұл
Мерекеге ұласқан
Құтты болсын мерекең
Аруларым жайнаған
Шаттық сыйлап өмірің
Гүл жайнасын айналаң

Аңсаған

Көңілде мұң болмасын
Қуаныш тапсын жалғасын
Сегізінші наурызда
Бақыт-нұр ашсын арнасын

Перизат

Гүлдендірген бақшаны
Басшы апай жақсы адам
Сондықтанда біз үшін
Ардақтысыз сіз бүгін
Сабира Рыскүлбекқызы мерекеңізбен!

М. Айзере

Жайдары жүз ай қабак
Жүреді бізді аймалап
Тобымызға жиі кеп
Білгеніңді сұрайтын
Ақыл айтып тұратын
Гүлбану көбесқызы мерекеңізбен!

Т.Айзере

Жазу жазып үйреткен
Әріптерді оқытқан
Санамақты жаттатып
Санауды бізге үйреткен
Жақсы болсақ қуанған
Тентек болсақ кешірген
Тәрбиеші апайлар мерекеңізбен!

6. Ақ арманды гүл желектен сұрайық

Ол үшін біз тағы бірін жұлайық

Ананың — біз гүліміз,

Ана – біздің күніміз!

Тек сіздерге арналады,

Міне, біздің биіміз!

Ұлдар мен қыздарымыздың орындауында көңілді би.

Жарайсындар өнерлі балалар екенсіндер.

Тәрбиеші

Әже деген көп шығар

Әжемдей менің жоқ шығар. - Олай болса, бүлдіршіндеріміздің әжелеріне арналған тапқартарына кезек берейік!

Дарина

Менің әжем, гүл әжем

Алтын әжем күн әжем

Анам үшін мен үшін

Нағыз ана тілі әжем

Мейірімді жүрекпен

Бөлісетін бақытты

Ақ ниетпен шын тілек

Ізгі істерді жақұтты

Көркем

Ақ жаулықты әжемді

Ай жүзіне теңедім

Мейірімін таусылмас

Күн нұрына теңедім

И. Айзере

Әжетайым асылым

Жүзінде мұң болмасын

Құтты болсын мерекең

Қуаным тапсын жалғасын.

Ән. Әжемнің шәйі.

Тәрбиеші: Жарайсындар, әнді керемет айттыңдар, енді балаларымыздың көрінісін қабыл алыңыз.

Көрініс «Бала назардан тыс қалмасын»

(Анасы ұялы телефонмен сөйлесіп жүреді)

Анасы: Сәлем құрбым!

Қалың қалай?

Ватсапта көрінбейсіңғо

Не жаңалық?

Мүмкін сен үйге келіп кетерсің

Қызы: Анашым, анашым ішім пысты, маған ертегі оқып берші?

Анасы: Сен маған келгенше барсаңшы әкеңе

(телефонмен әрі қарай сөйлеседі)

Кофта сатып алдың ба?

Долчегабанна ма?

Сондай киім менінде сатып алғым келіп тұр.

Қызы: Анашым, анашым ішім пысты тұрмайық қуыршақпен ойнайықшы

Анасы: Менің қолым тимейді мен құрбыммен шопинг жасаймын.

Қызы: Әке, әке отырмашы менімен ойнашы әлде мені киноға апаршы.

Әке: Қызым тоқтай тұршы ойнашы ана жақта қазір мында Реал Мадрид ойнап жатыр футболда

-гол , ура!

Сен оданда апаңа баршы. Мүмкін ол сенімен ойнар

-(Апа фотоға түсіп жүреді)

Қызы: Апа, апа сен маған сурет салып берші

Апасы: Сенде айтады екенсің мен ең әдемі селфи жасауым керек инстаграмға фотоға салып көп лайк жинауым керек

Қызы: Жалғыз өзім неістеймін ?

Тәрбиеші:

Не отыра алмай, не жата алмай

Бала жүр ғой қиналып

Әкесі мен анасы

Көрсетіндер оған көмек

Салыңыздар суреттер

Оқыңыздар кітаптар

Балаңыз ертең өседі

Сіздерге көмек береді.

(Бала орындықта отырып жылай бастайды)

Анасы, әкесі, апасы ағасы жүгіріп келіп

Саған неболды?

Кім тиісті?

Кім ренжітті?

Қызы: Мені ешкім ренжіткен жоқ, тиіскен жоқ. Менің ойнағым келеді. Сурет салғым келеді. Менімен ешкім ойнамайды, қолдары тимейді. Маған мүлдем уақыттары жоқ.

Анасы, әкесі, апасы хормен:

Бізді кешіріші. Саған уақыт табамыз. Қазір біз сенімен ойнаймыз. Сурет саламыз.

Уайымдама, жылама келегой (қызды құшақтайды)

Тәрбиеші:

- Балалар біздің де аналарымызға жасаған сыйлығымызды тарту ететін кез келген секілді.

Тәрбиеші: Құрметті аналар, әжелер, әріптестер сіздерді «Ботақан» тобының бүлдіршіндері шын жүректен құттықтайды. Әрдайым көктем гүліндей жайнап жүрің деп балалардың сыйлықтарын қабыл алыңыздар.

- Құрметті Аналар! Бұл жай ғана сыйлық емес балалардың шын жүрекпен арнап жасалған сыйлықтары ! Сіздерге осы мерекеде зор денсаулық, таусылмас мейірім тілейміз.

«Анашым -Күнім» атты ертеңгілігімізді балаларымыздың флешмоб биімен аяқтаймыз!

